2025 жылғы қаңтар-сәуірдегі химия өнеркәсібі

2025 жылғы қаңтар-сәуірде ҚР СЖРА ҰСБ жедел деректеріне сәйкес **өндіріс көлемі** құндық мәнде **527,3 млрд. теңгені құрады,** бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда **71,1%** артық.

Химиялық өнім өндірісінде негізгі үлесті өзге бейорганикалық заттар – 44,4%, тыңайтқыштар мен құрамында азот бар заттар – 15,5%, бастапқы нысандардағы пластмассалар – 12,3%, бояғыштар мен пигменттер – 9,8%, өзге де химиялық өнімдер – 4,5%, өнеркәсіптік газдар – 3,8%, өзге де негізгі органика– 2,9%, ЛБМ – 2,7%, пестицидтер және өзге де агрохимия – 2,4%, сабын мен жуғыш, тазартқыш және жылтыратқыш заттар– 1,1% құрайды.

Нақты көлем индексі **111,2 %** құрады. Өсудің негізгі себебі негізінен химия және аралас өнеркәсіп салаларында *(ТМК, сусындар өндірісі, құрылыс және т.б.)* тұтынушылық сұраныстың өсуі болып табылады. Заттай мәнде **өндіріс көлемінің ең үлкен өсуін** мынадай тауарлар көрсетеді: хром троксиді (+30,6%), каустикалық сода (+24,3%), хлор (+19,6%), тұз қышқылы (+17,9%), күкірт қышқылы (+15,2%), полимерлерге негізделген бояулар мен лактар (+12,9%), аммиак (+11,2%).

2025 жылғы қаңтар-наурызда құндық мәнде химиялық өнімнің **экспорты 520,0 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 20,0% жоғары. Экспорттың негізгі елдері: **Ресей** (29,5%), **Қытай** (15,4%).**Гонконг** (7,0%),

Химия өнеркәсібі өнімдерінің **импорты 2025 жылғы қаңтар-наурызда 1 050,0 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен 4,3% жоғары. Негізгі импорттаушы елдер: **Ресей** *(38,4%)*, **Қытай** *(16,5%)*, **Германия** *(5,0%)*.

2025 жылғы қаңтар-наурызда химиялық өнім түрлері нарығының көлемі **1 327,5 млн. АҚШ долларын** құрады *(676,5 млрд. теңге)*, бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 25% жоғары. Нарықтың өсуіне өндіріс көлемінің айтарлықтай өсуі (+84,9%) және импорттың салыстырмалы түрде аз өсуі (+4,3%) әсер етті. Бұл ретте, талданатын кезеңдегі ұлттық валюта бағамының күрт әлсіреуін (-13,2%) және экспорттың өсуін (+20,0%) айта кеткен жөн. **ОТӨ үлесі** 15,7 п.т. ұлғайды және **20,9%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі 79,1% құрады.

2025 жылдың қаңтар-сәуір айларында химиялық өнім түрлері өндірісінің ең көп көлемі мынадай **облыстарда** байқалады: ШҚО (27,5%), Жамбыл (22.7%), Атырау (11,9%), Ақтөбе (10,5%), Қарағанды (5,4%), Маңғыстау (4,2%), Ақмола (3,8%), Павлодар (3,8%).

ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ
ЯНВАРЬ-АПРЕЛЬ 2025

527,3
МЛРД ТГ



111,2%
ИФО

$520,0
МЛН




ЭКСПОРТ



РЫНОК

$1 050,7
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-март 2025 г.





ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД. ТЕНГЕ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г.Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz